

Қауымдық сервитутты белгілеу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Дубровное ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 20 қазандағы № 17 шешімі

Қазақстан Республикасы Жер Кодексінің 19-бабы 1-1) тармақшасына, 69-бабы 4-тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Дубровное ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ қабылдайды;

1. "Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімдігінің сәулет, құрылыс, тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Дубровное ауылының су құбыры жүйесі үшін Солтүстік Қазақстан облысы, Мамлют ауданы, Дубровное ауылдық округі, Дубровное ауылының аумағында орналасқан, жалпы алаңы – 3,6998 гектар. жер учаскесіне шектеулі жер пайдалану (қоғамдық сервитут) құқығы белгіленсін.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Дубровное ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы шешімнен туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Дубровное ауылдық округінің әкімі

П. Титов